

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ
АВИАЦИЯСЫНДА ҰШУ-ҚОНУ ЖОЛАҒЫНДАҒЫ
ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР 2025–2029**

**ПЛАН ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ ОПЕРАЦИЙ НА ВПП
ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН 2025–2029**

**RUNWAY SAFETY PLAN FOR CIVIL AVIATION OF THE REPUBLIC
KAZAKHSTAN 2025-2029**

Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of Issue: 02/04/2025

Мәртебесі / Статус / Status: [2025 жылғы 2 сәуірдегі №410 бұйрықпен бекітілген / Утвержден приказом № 410 от 02/04/2025 / Approved by Order No. 410 dated 02/04/2025]



Құжатқа жауапты / Ответственный за документ / Owner: Ұшу-қону жослағындағы операциялардың қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс тобының төрағасы – Авдеев О.А. / Председатель рабочей группы по безопасности операций на ВПП - Авдеев О.А. / Chairperson of the National Runway Safety Team – O. Avdeyev.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES

Тарау № / № Раздела/ Section No. /	Бет № / Стр. № / Page No.	Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of issue
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	2	02/04/2025
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	3	02/04/2025
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	4	02/04/2025
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	5-8	02/04/2025
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	9-11	02/04/2025
БӨЛІМ А	12-51	02/04/2025
РАЗДЕЛ В	52-91	02/04/2025
SECTION С	92-120	02/04/2025

Оглавление

РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	2
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES.....	3
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР/ СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	5
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	9
БӨЛІМ А	12
КІРІСПЕ.....	12
ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ	13
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАРЫ ҮШІН ЖАЛПЫ СИПАТТАҒЫ ҰШУ-ҚОНУ ЖОЛАҒЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР	15
2. АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ҰЙЫМ.....	18
3. ӘУЕ КЕМЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР	21
4. АЭРОНАВИГАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БЕРУШІ.....	27
5. ӘУЕАЙЛАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР	39
РАЗДЕЛ В.....	52
ВВЕДЕНИЕ	52
НАЗНАЧЕНИЕ ДОКУМЕНТА	53
1. МЕРОПРИЯТИЯ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ ОПЕРАЦИЙ НА ВПП ОБЩЕГО ХАРАКТЕРА ДЛЯ ВОВЛЕЧЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИИ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	55
2. УПОЛНОМОЧЕННАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ В СФЕРЕ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ	58
3. ЭКСПЛУАТАНТЫ ВОЗДУШНЫХ СУДОВ	61
4. ПОСТАВЩИКИ АЭРОНАВИГАЦИОННОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ	67
5. ЭКСПЛУАТАНТЫ АЭРОДРОМОВ	79
SECTION C	92
INTRODUCTION	92
PURPOSE OF THE DOCUMENT	93
1. GENERAL RUNWAY SAFETY ACTIONS FOR CIVIL AVIATION STAKEHOLDERS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	94
2. THE CIVIL AVIATION AUTHORITY	96
3. AIRCRAF OPERATORS	98
4. AIR NAVIGATION SERVICE PROVIDERS (ANSPS).....	102
5. AERODROME OPERATORS	111

ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР/ СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS

Терминдер / термины / terms	Терминдерді түсіндіру / Объяснение терминов / Explanation of terms
Ұшу-қону жолағындағы операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету / Безопасность операций на взлетно-посадочной полосе (ВПП) / Runway Safety	ҰҚЖ-да әуе кемелерін пайдалануға байланысты тәуекелдер төмендетілетін және қолайлы деңгейге дейін бақыланатын жағдай / состояние, при котором риски, связанные с эксплуатацией воздушных судов на ВПП, снижаются до приемлемого уровня и контролируются / a condition in which the risks associated with the operation of aircraft on runways are reduced and controlled to an acceptable level.
Әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан шығып кетуі / Выкатывание воздушного судна с ВПП / Runway excursion	әуе кемесі әуеайлақтың ұшу-қону жолағынан немесе жұмыс аймағынан немесе кез келген басқа алдын ала белгіленген қону аймағының қону бетінен ауаға көтерілмей кететін нақты немесе ықтимал жағдайларға байланысты барлық оқиғаларды қамтиды / включает все события, связанные с реальными или потенциальными ситуациями, когда воздушное судно покидает взлетно-посадочную полосу или рабочую зону аэродрома или посадочную поверхность любой другой заранее обозначенной зоны приземления, не поднимаясь в воздух. / A veer off or overrun off the runway surface.
Ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иелену / Несанкционированное занятие ВПП / Runway incursion	әуе кемесінің, көлік құралының немесе адамның әуе кемелерін қонуға және ұшуға арналған жер бетінің қорғалған аймағында дұрыс болмауына байланысты әуеайлақтағы кез келген оқиғаны қамтиды / охватывает любое событие на аэродроме, связанное с неправомерным присутствием воздушного судна, транспортного средства или человека на защищенной площади взлетно-посадочной полосы. / any occurrence at an aerodrome involving the incorrect presence of an aircraft, vehicle or person on the protected area of a surface designated for the landing and take off of aircraft.
Азаматтық авиация ұйымы / Организация гражданской авиации / Civil Aviation Organization	азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға / юридическое лицо, осуществляющее деятельность в сфере гражданской авиации / a legal entity engaged in activities in the field of civil aviation.
Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші /	әуе қозғалысын басқаруды және (немесе) аэронавигациялық өзге де қызметтерді ұсынатын заңды тұлға / юридическое лицо,

<p>Поставщик аэронавигационного обслуживания / Air Navigation Service Provider (ANSP)</p>	<p>обеспечивающее организацию воздушного движения и (или) другое аэронавигационное обслуживание. / Legal entity providing air traffic management and/or other air navigation services.</p>
<p>Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым / Уполномоченная организация в сфере гражданской авиации / Authorized organization in the field of civil aviation.</p>	<p>Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласының тұрақты дамуын, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын, жарғылық капиталына 100% мемлекет қатысатын акционерлік қоғам («Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ) / акционерное общество со стопроцентным участием государства в уставном капитале, осуществляющее деятельность, направленную на обеспечение устойчивого развития отрасли гражданской авиации Республики Казахстан, безопасности полетов и авиационной безопасности (АО «Авиационная администрация Казахстана»).</p>
<p>Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысы / Эксплуатант аэродрома (вертодрома) / Aerodrome (heliport) operator</p>	<p>меншік құқығымен не өзге де заңды негіздерде әуежайды пайдаланатын Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің заңды тұлғасы / эксплуатантом аэродрома (вертодрома) признается физическое или юридическое лицо Республики Казахстан, а также иностранного государства в соответствии с международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан, которое использует аэродром (вертодром) на праве собственности либо иных законных основаниях. / an aerodrome (heliport) operator is an individual or legal entity of the Republic of Kazakhstan, or of a foreign state in accordance with international treaties ratified by the Republic of Kazakhstan, that operates an aerodrome (heliport) based on ownership or other lawful grounds.</p>
<p>Әуе кемесінің пайдаланушысы / Эксплуатант воздушного судна / Aircraft operator</p>	<p>азаматтық әуе кемелерін пайдалануды жүзеге асыратын немесе осы салада оның қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға / физическое или юридическое лицо, занимающееся эксплуатацией гражданских воздушных судов или предлагающее свои услуги в этой области / an individual or legal entity engaged in the operation of civil aircraft or offering services in this field.</p>
<p>HotSpot</p>	<p>әуеайлақтың жұмыс алаңындағы ұшу-қону жолағына соқтығысу немесе рұқсатсыз шығу орын алған немесе мұндай жағдайлардың ықтимал қаупі бар және ұшқыштардың/жүргізушілердің назарын арттыру қажет болатын учаске / участок на рабочей площади</p>

	аэродрома, где уже имели место столкновения или несанкционированные выезды на ВПП или существует потенциальный риск таких случаев и где требуется повышенное внимание пилотов/водителей / a location on an aerodrome movement area with a history or potential risk of collision or runway incursion, and where heightened attention by pilots/drivers is necessary.
ҰҚЖ / ВПП / RWY	ұшу-қону жолағы / взлетно-посадочная полоса / runway
ICAO / ИКАО	Халықаралық азаматтық авиация ұйымы / Международная организация гражданской авиации / International civil aviation organization
ӘҚБ / ОВД / АТС	әуе қозғалысын басқару / обслуживания воздушного движения / air traffic control
БЖЖ / РД / TWY	бұру-жылжуы жолы / рулежная дорожка / taxiway
ҰҚБЖ / СУБП / SMS	ұшуларды қауіпсіздігін басқару жүйесі / система управления безопасностью полетов / Safety Management System
АТІS	әуеайлақ ауданының автоматтандырылған ақпарат тарату қызметі / служба автоматической передачи информации в районе аэродрома / automatic terminal information service
АІР	аэронавигациялық ақпарат жинағы / сборник аэронавигационной информации / aeronautical information publication
NOTAM	әуе навигациялық жабдықтың, қызмет көрсетудің және ережелердің енгізілуі, күйі немесе өзгеруі туралы немесе ұшу қауіптері туралы маңызды ақпаратты уақтылы хабарлау үшін электр байланыс құралдары арқылы таратылатын хабарлама / извещение, рассылаемое средствами электросвязи и содержащее информацию о введении в действие, состоянии или изменении любого аэронавигационного оборудования, обслуживания и правил или информацию об опасности, своевременное предупреждение о которых имеет важное значение для персонала, связанного с выполнением полетов / a notice distributed by means of telecommunications containing information concerning the establishment, condition, or change in any aeronautical facility, service, procedure, or hazard, the timely knowledge of which is essential to personnel concerned with flight

	operations.
NRSG	Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының ұшу-қону жолақтарындағы пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс тобы / рабочая группа по безопасности операций на ВПП гражданской авиации Республики Казахстан / national runway safety team of the civil aviation of the Republic of Kazakhstan
LRST	ҰҚЖ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті жұмыс тобы / локальная рабочая группа по обеспечению безопасности операций на ВПП / local runway safety team
SMGCS	жердегі қозғалысты басқару және бақылау жүйесі / система управления наземным движением и контроля / Surface Movement Guidance and Control System

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES

<p>Нормативтік құжат / Нормативный документ (НД)/ Referenced Document</p>	<p>Бекіту / Утверждение/ Approval</p>
<p>Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы. / Закон об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации / Law of the Republic of Kazakhstan on the Use of the Airspace and Aviation Activities</p>	<p>Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңы / Закон Республики Казахстан от 15 июля 2010 года № 339-IV / Law of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 2010 No. 339-IV.</p>
<p>Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама / Программа по безопасности полетов в сфере гражданской авиации / State Safety Programme in the field of civil aviation</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 136 қаулысы. / Постановление Правительства Республики Казахстан от 11 марта 2016 года № 136. / Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 11, 2016 No. 136.</p>
<p>Әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде, әуежайларда, азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың, қызметі көрсетілетін қызметтерді ұсыну барысында әуе кемелерінің ұшуын орындаумен байланысты азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталықтарының ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарды / Типовые инструкции по управлению безопасностью полетов эксплуатантов гражданских воздушных судов, в аэропортах, при обслуживании воздушного движения, при техническом обслуживании воздушных судов, авиационных учебных центров гражданской авиации, деятельность которых связана с выполнением полетов воздушных судов в ходе предоставления услуг. / Model safety management instructions for operators of civil aircraft, at airports, in air traffic services, in aircraft maintenance, and for civil</p>	<p>Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы №173 Бұйрығы. / Приказ Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 28 марта 2011 года № 173. / Order of the Minister of Transport and Communications of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2011 No. 173.</p>

aviation training centers whose activities are related to the operation of aircraft during the provision of services.	
Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы / Правила аэродромного обеспечения в гражданской авиации / Aerodrome Support Rules in Civil Aviation	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 7 қазандағы № 978 бұйрығы. / Приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 7 октября 2015 года № 978. / Order of the Acting Minister for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan dated October 7, 2015 No. 978.
Ұшулар қауіпсіздігін басқару / Управление безопасностью полетов / Safety management	ИКАО-ның 19-қосымша, екінші басылым, 2016 жылғы шілде/ приложение 19 ИКАО, второе издание, июль 2016 / ICAO Annex 19, second edition, July 2016
Аэронавигациялық қызмет көрсету процедуралары. Әуеайлақтар / Правила аэронавигационного обслуживания. Аэродромы / Air Navigation Service Rules. Aerodromes.	ИКАО Doc 9981, төртінші басылым, 2018 жыл / Doc 9981, издание четвертое, 2018 / Doc 9981 ICAO, fourth edition, 2018
Ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі басшылық / Руководство по управлению безопасностью полетов / Safety management manual	ИКАО Doc 9859, төртінші басылым, 2018 жыл / ИКАО Doc 9859, четвертое издание, 2018 год / ICAO Doc 9859, fourth edition, 2018
ҰҚЖ рұқсатсыз иелену алдын алу жөніндегі нұсқаулық / Руководство по предотвращению несанкционированных выездов на ВПП / Manual on the Prevention of Runway Incursions	ИКАО Doc 9870, бірінші басылым, 2007 жыл / ИКАО Doc 9870, первое издание, 2007 год / Doc 9870, first Edition, 2007
Ұшу-қону жолағы қауіпсіздігі бағдарламасы – ҰҚЖ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары / Программа безопасности ВПП – Глобальный план действий по обеспечению безопасности ВПП / Runway Safety Programme – Global Runway Safety Action Plan	бірінші басылым, 2017 жыл / первое издание, 2017 год / first edition, 2017
Ұшу-қону жолағынан шығып кетудің алдын алу жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары / Глобальный план действий по предотвращению выкатываний за пределы	2021 жылғы мамыр / Май 2021 года / May 2021

ВПП / Global Action Plan for the Prevention of Runway Excursions	
Ұшу-қону жолағына рұқсатсыз шығудың алдын алу жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары / Глобальный план действий по предотвращению несанкционированного выхода на ВПП / Global Action Plan for the Prevention of Runway Incursions	2024 жылғы желтоқсан / Декабрь 2024 года / December, 2024

БӨЛІМ А

КІРІСПЕ

ҰШЫП-КОНУ ЖОЛАҒЫНДА (ҰҚЖ) ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР — азаматтық авиациядағы ең күрделі қатерлердің бірі болып табылады. Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы (ИКАО) ҰҚЖ-ның рұқсат етілмеген түрде иелену және әуе кемесінің ҰҚЖ шегінен шығып кетуі секілді оқиғаларды адамдардың өліміне алып келу қаупі жоғары бес санаттағы авиациялық оқиғалардың қатарына жатқызады. Сондықтан мұндай тәуекелдерді азайту бағытында кешенді шаралар қабылдау қажет.

ҰҚЖ-дағы оқиғалардың ықтимал салдары, әсіресе жоғары жылдамдықпен қозғалып келе жатқан реактивті ұшақтар үшін, өте күрделі. Себебі олар шектеулі кеңістікте әрекет етеді. Мұндай тәуекелдер сала қатысушылары арасындағы күрделі өзара байланысты факторлармен туындайды және оларды азайту тек барлық мүдделі тараптардың тығыз ынтымақтастығы мен үйлестірілген іс-қимылының нәтижесінде мүмкін болады.

ҰҚЖ-дағы операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету — Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында басым бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыттағы талаптардың кезең-кезеңімен күшейтілуі нормативтік-құқықтық актілерде көрініс табуда. 2023 жылы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы №187 бұйрығымен бекітілген әуеайлақты (тікұшақ алаңын) сертификаттау және жарамдылық сертификатын беру қағидаларына алғаш рет ҰҚЖ-да қауіпсіздік бойынша жергілікті топтар туралы, олардың құрылымы, жұмыс регламенті және басқа да қызмет аспектілері жөніндегі ақпаратты Әуеайлақ нұсқаулығына енгізу талаптары қосылды.

Бұл сала енді әуеайлақты сертификаттау инспекциясының бағдарламасына енгізілген және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның тұрақты бақылауына жатады.

2024 жылы Қазақстан Республикасында азаматтық авиация саласы үшін ҰҚЖ-да операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі алғашқы ұлттық бағдарлама бекітілді. Бұл бағдарлама ҰҚЖ қауіпсіздігі бойынша жергілікті топтардың (Local Runway Safety Team – LRST) және қатысушы ұйымдардың жұмысын жүйелеу және бірыңғайлау мақсатында әзірленді. Бағдарламаның бірінші нұсқасы ҰҚЖ-да операциялардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін тәуекелдерді азайту

мен бақылауға бағытталған нақты операциялық шараларды қамтыды, дегенмен бұл шаралар тек бастапқы және ең аз талаптар болып табылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ҰҚЖ-ның қауіпсіз пайдаланылуына қауіп төндіретін тәуекелдерді төмендету және бақылау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бұл Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ҰҚЖ-да операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспар – мемлекет деңгейінде қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған және нақты іс-шараларды көздейтін құжат болып табылады.

ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 173 бұйрығына (азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың, әуежайлардың, әуе қозғалысын басқару, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, ұшу жүргізуге байланысты қызметтер көрсететін азаматтық авиация оқу орталықтарының ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгілік нұсқаулықтарын бекіту туралы) сәйкес, сондай-ақ 2024–2027 жылдарға арналған ұшу қауіпсіздігі жөніндегі жоспарға (2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 06/1237 бұйрықпен АО «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» Бас директоры бекіткен) және ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасының 3-тарауының ережелеріне сәйкес әзірленген.

Құжаттың мақсаты – барлық мүдделі тараптар қамтамасыз ететін қауіпсіздік шараларын жетілдіру арқылы ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігін арттыру.

Міндеті – тиісті ұйымдардың қызметіне толық енгізілуі тиіс нақты іс-шараларды және олардың орындалу мерзімдерін айқындау.

Бұл жоспар барлық ұйымдар үшін бағдар бола отырып, олардың қызметіндегі әлсіз тұстарды анықтауға және қызмет ауқымы мен ерекшелігін ескере отырып, басым іс-шараларды айқындауға көмектеседі.

LRST (Жергілікті ұшу-қону жолағы қауіпсіздігі тобы) осы жоспармен көзделген, нақты әуеайлақ үшін қолдануға болатын және орынды барлық іс-шараларды қамтитын өздерінің жергілікті іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспары мынадай негізгі халықаралық құжаттарды ескере отырып әзірленген:

ИКАО, Flight Safety Foundation, EASA, ACI WORLD, CANSO ұйымдары әзірлеген ИКАО-ның ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігі жөніндегі жаһандық бағдарламасы – Жаһандық іс-қимыл жоспары;

Ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иеленуді болдырмау жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары (ИКАО, Flight Safety Foundation, EASA, ACI WORLD, CANSO);

Әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан шығып кетуінің алдын алу жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары.

Маңыздысы – «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2025–2029 жылдарға арналған жоспарында» нормативтік құжаттардың талаптарына кіретін, оларды ашатын немесе толықтыратын іс-шаралар мен әрекеттер қамтылған. Алайда бұл жоспарда келтірілген шаралар ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігіне байланысты тәуекелдерді басқарудың толық жиынтығы болып табылмайды.

Осы жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі барлық ұсыныстар ресми тәртіпте уәкілетті ұйымның атына жолданады, ал ол өз кезегінде бұл ұсыныстарды Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс тобының (NATIONAL RUNWAY SAFETY GROUP – NRSG) қарауына ұсынады.

‘

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАРЫ ҮШІН ЖАЛПЫ СИПАТТАҒЫ ҰШУ-ҚОНУ ЖОЛАҒЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тартылған ұйымдар:	Уәкілетті ұйым, әуе кемелерін пайдаланушылар, аэронавигациялық қызмет көрсетушілер, әуеайлақтарды пайдаланушылар		
Ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігіне байланысты басым оқиғалар:	Әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан шығып кетуі (RE), ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иелену (RI)		
№ р/н	Іс-шаралар	Енгізу мерзімі	Байланысты оқиға
1	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасының ережелерін іске асыру.	2026	ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты барлық тәуекелдер.
2	ҰҚЖ-ны пайдалану кезінде болған оқиғалар мен инциденттер туралы ақпаратты жинау үздіксіз жүзеге асырылады.	Әрдайым	RE, RI
3	ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігіне қатысты тәуекелдер мен қауіп-қатер факторларын анықтау мақсатында жүйелі талдау мен бағалау жүргізіледі.	Әрдайым	RE, RI

4	ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленеді, іске асырылады және анықталған тәуекелдерді азайту мен бақылау мақсатында қайта қаралады.	Әрдайым	RE, RI
5	ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары анықталған тәуекелдерді азайту және бақылау мақсатында әзірленеді, іске асырылады және қайта қаралады.	Әрдайым	RE, RI
6	ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлардағы іс-шаралардың енгізілуі мен олардың тиімділігіне мониторинг жүргізіледі.	Әрдайым	RE, RI
7	ҰҚЖ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті әуежай топтарының (LRST) жұмысына белсенді қатысу қамтамасыз етіледі.	Әрдайым	RE, RI
8	Деректер мен ақпараттың тиісті қорғалуы қамтамасыз етіледі.	Әрдайым	RE, RI
9	Ұшу қауіпсіздігіне қатысты деректерді ұсыну жүйесі «әділетті мәдениет» (Just Culture) қағидаттарына негізделеді.	Әрдайым	RE, RI
10	Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің (СУБП) қағидаттары ИКАО стандарттары мен принциптеріне сәйкес енгізіледі.	Әрдайым	RE, RI
11	СУБП-ны енгізуге арналған материалдар, құралдар және ИКАО веб-ресурстары бүкіл персоналға қолжетімді.	Әрдайым	RE, RI
12	Қатысты персонал СУБП бойынша оқытылған.	Әрдайым	RE, RI

13	Өндірістік персоналды оқыту бағдарламасы ҰҚЖ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін (әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан шығып кетуінің және рұқсатсыз кірудің алдын алу шаралары) бастапқы дайындықтың немесе ішкі курстардың құрамдас бөлігі ретінде қамтиды.	Әрдайым	RE, RI
14	Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым ұйымдастыратын ҰҚЖ қауіпсіздігіне қатысты кеңестерге (жергілікті және ұлттық деңгейде) құзыретті персоналдың белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі.	Әрдайым	RE, RI

2. АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ҰЙЫМ

Қатысы бар ұйымдар.		Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым	
Ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігіне байланысты басым оқиғалар:		Әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан шығып кетуі (RE), ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иелену (RI)	
№ р/н	Іс-шаралар	Енгізу мерзімі	Байланысты оқиға
1 ААК	Азаматтық авиация ұйымдары ҰҚЖ-дағы операциялардың қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді басқаруға бағытталған қызметте "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшу-қону жолағындағы операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасына" сәйкес бірыңғай тәсілді жүзеге асырады.	2027	RE, RI
2 ААК	ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігі азаматтық авиацияны ұйымдастыруға қатысты бақылау-қадағалау функциялары шеңберінде орындалатын тексеру саласы болып табылады.	2 тоқсан, 2026	RE, RI
3 ААК	Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым мамандарының ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігі мәселелері бойынша ИКАО-ның өңірлік нысаналы жұмыс топтарына қатысуы қамтамасыз етіледі.	Әрдайым	RE, RI
4 ААК	Әуеайлақтардың сертификаттық талаптарын құрайтын нормативтік құқықтық актілер ИКАО-ның 14-қосымшасының 1-томына сәйкес келтіріледі.	Әрдайым	RE, RI

5 ААК	ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің Жергілікті жұмыс топтарының тиімділігін арттыру мақсатында консультация беру.	Әрдайым	RE, RI
6 ААК	Ұшқыштар, әуе қозғалысын басқару диспетчерлері және көлік құралдарының жүргізушілеріне арналған кәсіби даярлау бағдарламаларына ұшу-қону жолағындағы (ҰҚЖ) операциялардың қауіпсіздігіне қатысты пәндер тақырыбы бойынша нормативтік талаптардың болуын қамтамасыз ету. Персоналды теориялық және практикалық даярлау тақырыптары, басқа да аспектілермен қатар, ҰҚЖ-нің рұқсат етілмеген иелену тәуекелдерін, әуе кемесінің ҰҚЖ-ден шығып кетуін басқару және оларды болдырмау шаралары жөніндегі пәндерді қамтуы тиіс.	4 тоқсан, 2027	RE, RI
7 ААК	Әуеайлақтарды пайдаланушылар үшін шектеулі көріну жағдайында (LVP) рәсімдерді келісу және тексеру бойынша талаптарды әзірлеу. Осы рәсімдерді енгізуді қамтамасыз ету.	1 тоқсан, 2026	RE, RI
8 ААК	ӘК пайдаланушыларымен стандартты пайдалану рәсімдерін (SOP) сақтауды жетілдіру бойынша жұмыс.	Әрдайым	RE, RI
9 ААК	Кәсіби деңгейдегі техникалық қызмет көрсету курстарынан өту кезінде ұшу экипажының қонуға кіру, қону және екінші айналымға күтім жасау кезінде автоматтандырудың ең қолайлы деңгейін пайдалануына қатысты талаптарды әзірлеу.	Әрдайым	RE

<p>10 ААК</p>	<p>ӘК пайдаланушыларының анықтауы және қолдануы үшін талаптар белгіленсін:</p> <p>а. ұшу құрамы үшін қауіпті факторлар мен қателерді басқару стратегиялары (TEM) ҰҚЖ және стандартты пайдалану процедураларынан (SOP) тыс домалауды болдырмауға бағытталған, оларды оқыту бағдарламасына енгізуді қамтамасыз ете отырып, екінші айналымға ұшу, қону және күтім жасау рәсімдері бойынша дайындаушылардың ережелері мен ұсынымдарына сәйкес.</p> <p>б. басқарушы ұшқыш (әк белсенді басқаруды жүзеге асыратын) (PF) және бақылаушы ұшқыш (ӘК бақылаушы басқаруды жүзеге асыратын) (PM) үшін, соның ішінде PM араласуын нақты анықтайтын саясаттар мен оқыту.</p>	<p>2027</p>	<p>RE</p>
<p>11 ААК</p>	<p>ҰҚЖ – GRF бетінің жай-күйі туралы деректерді ұсыну форматын қолдануды талдау және үнемі жетілдіру.</p>	<p>Әрдайым</p>	<p>RE</p>

3. ӘУЕ КЕМЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Қатысы бар ұйымдар.		Әуе кемелерін пайдаланушылар	
Ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігіне байланысты басым оқиғалар		Әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан шығып кетуі (RE), ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иелену (RI)	
№ р/н	Іс-шаралар	Енгізу мерзімі	Байланысты оқиға
1 OPS	Ұшу құрамының ұжымдық ресурстарды басқару (Crew Resource Management – CRM) және қауіп-қатерлер мен қателіктерді басқару (Threat and Error Management – TEM) бойынша даярлығы әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан (ҰҚЖ) шығып кетуін болдырмауға бағытталуы тиіс. Бұл мақсатқа ұжымдық шешім қабылдау, тиімді мониторинг жүргізу және бақылаушы ұшқыштың (Pilot Monitoring – PM) уақтылы араласуы арқылы қол жеткізіледі.	2025	RE, RI
2 OPS	Ұшу қауіпсіздігі бойынша ақпарат алмасу бағдарламаларына, сондай-ақ өңірлік және жергілікті ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету топтарының жұмысына белсенді қатысу	Әрдайым	RE, RI
3 OPS	Ұшу құрамына арналған қауіп-қатерлер мен қателіктерді басқару (Threat and Error Management – TEM) стратегияларын енгізу, оларды әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан (ҰҚЖ) шығып кетуін болдырмауға және стандартты пайдалану рәсімдерінің (Standard Operating Procedures – SOP) сақталуын қамтамасыз етуге бағыттау. Бұл стратегиялар әуе кемесін ұшыру, қону және екінші айналымға кету рәсімдерін орындауға қатысты	2025	RE, RI

	өндірушілердің ережелері мен ұсынымдарына сәйкес әзірленіп, оқу бағдарламасына енгізілуі тиіс.		
4 OPS	Басқарушы ұшқыштың (Pilot Flying – PF) және бақылаушы ұшқыштың (Pilot Monitoring – PM), соның ішінде PM тарапынан араласуды қоса алғанда, әрекеттерін нақты айқындайтын саясат пен оқытуды енгізу.	Әрдайым	RE, RI
5 OPS	Ұшу деректерін мониторингтеу (Flight Data Monitoring – FDM), желілік ұшу қауіпсіздігі аудиттері (Line Operations Safety Audits – LOSA) және авиакомпаниялардың ұшу қауіпсіздігі бойынша ерікті есептері (Airline Safety Reports – ASR) сияқты ішкі бағдарламалар арқылы келесі көрсеткіштерді бағалауға арналған құралдарды енгізу: стандартты пайдалану рәсімдерінің (SOP) сақталуы және оның кемшіліктері; ұжымдық ресурстарды басқару (CRM) қағидаттарының қолданылуы.	Әрдайым	RE, RI
6 OPS	Стандартты пайдалану рәсімдерін (SOP) жетілдіру мақсатында пайдалану тәжірибесі мен бағалау нәтижелеріне негізделі отырып, әуе кемесі өндірушілерімен өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.	Әрдайым	RE
7 OPS	Қону тәсілі параметрлерінен ауытқуларға қатысты бастапқы жабдық өндірушілері (Original Equipment Manufacturers – OEM) белгілеген шекті мәндерді, ең аз дегенде, қабылдау қажет.	Әрдайым	RE
8 OPS	Қайталанған ұшу/қонуды тоқтату саясаты қону немесе ұшуды тоқтатуды талап етуі мүмкін барлық сценарийлерді қамтуын және қажетті жағдайда пилоттарды оларды орындауға оқытуды қамтамасыз ету.	Әрдайым	RE
9 OPS	Қауіп-қатерлер мен қателіктерді басқару стратегияларын (TEM) және стандартты пайдалану рәсімдерін (SOP) оқыту бағдарламаларына енгізуді қамтамасыз ету, бұл үшін	2027	RE

	<p>құзыретке негізделген оқыту және бағалау (Competency-Based Training and Assessment – CBTA), дәлелдерге негізделген оқыту (Evidence-Based Training – EBT), не дәстүрлі оқыту бағдарламалары (CBTA немесе EBT әлі енгізілмеген әуе кемесі эксплуатанттары үшін) сияқты әдістер қолданылады.</p> <p>Оқыту мазмұны келесіні қамтуы мүмкін, бірақ онымен шектелмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – SOP-қа сәйкес келмейтін ерекше жағдайларды бағалау және талдау; – Қону тәсілі кезінде SOP-тен ауытқудың салдарын түсіну; – Қолданыстағы және жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы кез келген метеожағдайда қону қашықтығын анықтау; – Қонуды күтпеген жағдайлар жоспарын ескере отырып, алдын ала жоспарлау және орындау; – Ауа райының нашарлауы жағдайында екінші айналымға дайын болу; – OEM ұсынымдарына сәйкес, әрбір әуе кемесі түріне тән «козление» (Bounced landing) жағдайлары бойынша даярлық; – ҰҚЖ-ден шығып кетудің алдын алуға бағытталған ТЕМ стратегияларын қалыптастыру үшін сценарийлік оқыту (мысалы, ластанған ҰҚЖ, соңғы сәтте ҰҚЖ ауыстыру, ауа райының нашарлауы және т.б.); – ТЕМ тәсілдерін қолдана отырып, алдын ала ұшу және қону алдындағы брифингтер жүргізу; – Ұшу және қону сипаттамаларын тиімді анықтау және ҰҚЖ-дегі операциялардың қауіпсіздік қорына назар аудару; – ҰҚЖ бетінің жай-күйі туралы деректерді ұсынудың ИКАО-ның жаһандық форматын (GRF) тиімді пайдалану. 		
--	---	--	--

10 OPS	Ұшу құрамын ауа райы жағдайлары мен әуеайлақтардың жасанды жабындарының жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін деректерді ұсынатын құралдарды айқындау және енгізу.	2026	RE
11 OPS	Келу уақытына сәйкес болжанған ауа райының кез келген ықтимал нашарлауын ескере отырып, қонудың ұшу-техникалық сипаттамаларын есептеу рәсімін енгізу.	2027	RE
12 OPS	Ұшу құрамының екінші айналым рәсімін орындауға дайындығын көздейтін қағидалар айқындалған.	2026	RE
13 OPS	Қонуға кірісу, қону және екінші айналымға кету кезінде ұшу құрамының ең қолайлы автоматтандыру деңгейін пайдалануына қолдау көрсетіледі.	2026	RE
14 OPS	Стандартты пайдалану рәсімдерін (SOP) жетілдіру мақсатында оларды сақтамау фактілері анықталған кезде алғашқы себептерді талдау қолданылады.	2026	RE, RI
15 OPS	Авиациялық оқиғалардың алдын алу және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы, оның ішінде ұшу деректерін кешенді мониторингтеу (FDM) бағдарламасы әзірленіп, енгізіліп, жұмыс істейтін күйде сақталады.	2027	RE
16 OPS	Тұрақсыз қону тәсілдерінің санын азайту мақсатында, әсіресе қауіп деңгейі жоғары деп танылған ұшу-қону жолақтарына қатысты, әуе қозғалысын ұйымдастыру қызметтерін көрсетуші провайдерлермен (ANSP) бірлесіп рәсімдерге өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізіледі.	2026	RE
17	Әуе кемелері ұшу-қону жолағынан шығып кету туралы ескерту және хабарлау жүйелерімен жабдықталған.	2029	RE

OPS			
18 OPS	Ұшу құрамын даярлау бағдарламаларына әуеайлақ инфрақұрылымына қатысты тақырыптар, соның ішінде белгілер, таңбалау және жарық сигналдық жабдықтар енгізіледі.	2028	RE, RI
19 OPS	Пилоттар әуеайлақтардағы ұшу қауіпсіздігіне қатысты кез келген маңызды ақпарат туралы хабардар етіледі.	Әрдайым	RE, RI
20 OPS	Әуе кемелерін олардың түрі мен моделіне қарай пилоттардың жағдайдан хабардар болуын арттыратын технологиялармен, әсіресе нашар көріну жағдайында ұшу кезінде қолданылатын, жабдықтау: әуежайдағы қозғалыс схемасы көрсетілген жоғары ажыратымдылықтағы дисплейлермен, EFB, EVS және HUD жүйелерімен.	2029	RE, RI
21 OPS	Ұшу құрамының радиобайланыс жүргізудегі жоғары стандарттарын бағалау және сақтау, мысалы: а) халықаралық әуежайларда ұшу-қону жолақтарын пайдалану жөніндегі барлық хабарламалардың авиациялық ағылшын тілінде берілуін қамтамасыз ету; б) стандартты фразеологияны қолдануды қамтамасыз ету, бұл ретте қолданыстағы ұлттық нормативтік құқықтық актілер мен ИКАО құжаттарына (мысалы, ИКАО радиотелефон байланысы жөніндегі нұсқаулық – Doc 9432) сәйкес болуы қажет.	Әрдайым	RI
22 OPS	Обеспечение осведомленности летного состава о соответствующих строительных работах на аэродромах (WIP).	Әрдайым	RE, RI
23 OPS	Ұшу құрамына арналған руление рәсімдерін әзірлеу, бұл келесілерді қамтамасыз етуі тиіс: а) әуеайлақ сызбасының көз алдында болуы; б) руление маршруттарын (ұшу-қону жолағы мен рулеж жолдарын кесіп өту, диспетчерлік	2027	RE, RI

	рұқсаттың әрекет ету шекаралары қоса алғанда) кросс-тексеру және растау; в) маневрлеу алаңындағы "қауіпті учаскелер" туралы хабардар болу.		
24 OPS	ҰҚЖ-дегі операциялардың қауіпсіздігі жөніндегі жергілікті жұмыс топтарының жұмысына қатысудың тиімділігін бағалау. Жергілікті жұмыс топтарының жұмысының тиімділігіне қосқан үлесті жыл сайын бағалау.	Әрдайым	RE, RI

4. АЭРОНАВИГАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БЕРУШІ

Қатысы бар ұйымдар.	Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші		
Ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігіне байланысты басым оқиғалар	Әуе кемесінің ұшу-қону жолағынан шығып кетуі (RE) , ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иелену (RI)		
№ р/н	Іс-шаралар	Енгізу мерзімі	Байланысты оқиға
1 ANSP	Ұшып-қону жолағындағы (ҰҚЖ) операциялардың қауіпсіздігі мәселелерін әуе қозғалысын басқару персоналының бастапқы даярлық және кәсіби деңгейін сақтау бағдарламаларына енгізу.	2026	RE, RI
2 ANSP	Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұшқыштар құрамына әуеайлақтың жай-күйі, ауа райы, жел жағдайы және ҰҚЖ бетінің жай-күйі сияқты маңызды мәліметтерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету.	Әрдайым	RE
3 ANSP	<p>Әуе қозғалысын басқару диспетчерлеріне арналған рәсімдерді бағалау және қажет болған жағдайда оларды жетілдіру, бұл ретте озық тәжірибе мен нұсқаулық материалдарды қолдану. Рәсімдерді жақсарту мүмкін болатын салаларға мыналар жатады (бірақ олармен шектелмейді):</p> <ul style="list-style-type: none"> – Диспетчерлердің, ұшқыштардың және әуеайлақтағы көлік құралдарын басқарушылардың жағдайлық хабардар болуын қолдауға бағытталған рәсімдер; – Ұшу аппараты немесе жерүсті көлік құралы маневр жасау алаңында орналасуын анықтай алмай қалған немесе орналасуына сенімсіз болған жағдайлардағы әрекет ету рәсімдері; 	2025-2026	RI

	<ul style="list-style-type: none"> – ҰҚЖ-ны тексеру рәсімдері; – ҰҚЖ-ға шығу және оны босату рәсімдері. 		
4 ANSP	A-SMGCS, тоқтату шамдары және ARIWS сияқты визуалды бақылау жүйелерін пайдалану арқылы ұшқыштардың, диспетчерлердің және көлік құралдарын басқарушылардың жағдайдан хабардар болуын арттыру және ҰҚЖ-ны рұқсатсыз иелену туралы ескерту беру.	2025-2027	RI
5 ANSP	Диспетчерлердің барлық маневр жасау алаңын, техникалық мүмкіндігі шегінде, визуалды бақылауын қамтамасыз ету, бұл ретте қолжетімді технологияларды (мысалы, A-SMGCS) ескеріп, тиімді пайдалану.	2025-2026	RI
6 ANSP	<p>Диспетчерлік радиотелефондық сөйлесулерді бағалау және қажет болған жағдайда жетілдіру. Назар аударылатын негізгі бағыттар мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):</p> <p>а) ҰҚЖ аймағындағы байланыс кезінде әуе кемесінің немесе көлік құралының толық шақыру сигналын қолдану;</p> <p>б) Ұқсас немесе бірдей радиотелефондық шақыру сигналдарының туындатуы мүмкін түсінбеушілікті болдырмауға арналған рәсімді әзірлеу және сақтау;</p> <p>с) Ішкі мемлекеттік талаптар мен ИКАО ережелеріне (мысалы, ИКАО радиотелефондық байланыс жөніндегі нұсқаулығы – Doc 9432) сәйкес стандартты фразеологияны қолдануды қамтамасыз ету;</p> <p>д) Алынған рұқсаттар мен нұсқауларды дұрыс қайталап айту рәсімінің қолданылуын бақылау және қамтамасыз ету.</p>	2025-2026	RI

7 ANSP	Халықаралық әуе рейстері орындалатын әуежайлар мен әуеайлақтарда ҰҚЖ-ны пайдалануға байланысты радиобайланысты ағылшын тілінде жүргізу (әуеайлақ қызметтерінде ағылшын тілін меңгерген мамандардың тапшылығына байланысты кезең-кезеңімен енгізу).	2029	RI
8 ANSP	Әуеайлақтағы кез келген құрылыс жұмыстары (WIP) туралы әуе қозғалысын басқару диспетчерлерін хабардар ету.	2026	RE, RI
9 ANSP	Әуеайлақтағы құрылыс жұмыстары (WIP) кезінде туындаған күтпеген жағдайларды әуеайлақ эксплуатантымен үйлестіруді және келісуді қамтамасыз ету.	2026	RE, RI
10 ANSP	Маневр жасау алаңында ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иелену ықпал ететін "қауіпті учаскелер" (оның ішінде өзгерістер) және оларға қатысты салдарды азайту шаралары туралы барлық әуе қозғалысын басқару диспетчерлерінің хабардар болуын қамтамасыз ету.	Әрдайым	RE, RI
11 ANSP	Ұшу-қону жолағындағы операциялардың қауіпсіздігі бойынша жергілікті жұмыс топтарының жұмысына қатысудың тиімділігін бағалау. Жергілікті жұмыс топтарының жұмысының тиімділігіне қосқан үлесті жыл сайын бағалау.	Ежегодно, постоянно	RE, RI
12 ANSP	Ұшу-қону жолағындағы операциялардың қауіпсіздігі бойынша жұмыс топтарының қызметі аясында әуеайлақ эксплуатанттарына нақты әуеайлақтың ерекшеліктерін, соның ішінде қауіп деңгейі жоғары учаскелерді (Hot Spots) және ұшу-қону жолағындағы операциялардың қауіпсіздігіне әсер ететін өзге де маңызды ақпаратты қамтитын оқу материалдарын әзірлеуде қолдау көрсету.	Әрдайым	RE, RI

<p>13 ANSP</p>	<p>Әуе кемелерінің ұшу-қону жолағын рұқсатсыз иелену және ұшу-қону жолағынан шығып кету қаупін басқару тақырыбын бастапқы және мерзімді дайындықтан өтетін операциялық персоналдың оқу бағдарламаларына енгізу мәселесіне жыл сайын баға беру, қажет болған жағдайда оқу мазмұнын жаңарту.</p>	<p>Ежегодно, постоянно</p>	<p>RE, RI</p>
<p>14 ANSP</p>	<p>Ұшу-қону жолағындағы операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында есептер мен оқиғаларға жүргізілген тергеулер нәтижелері бойынша мемлекеттік деңгейде алынған ақпаратпен бөлісу.</p>	<p>Әрдайым</p>	<p>RE, RI</p>
<p>15 ANSP</p>	<p>Маневр жасау алаңындағы рәсімдерге енгізілетін барлық өзгерістерді, соның ішінде әуеайлақтағы құрылыс жұмыстарын (WIP), мүдделі тараптармен үйлестіру бойынша келісілген рәсімдердің болуын қамтамасыз ету. Аталған рәсімдердің тиімділігін жүйелі түрде бағалап, қажет болған жағдайда оларды өзектендіру.</p>	<p>Әрдайым</p>	<p>RE, RI</p>
<p>16 ANSP</p>	<p>ҰҚЖ өткізу қабілетін арттыруға бағытталған рәсімдерді (оның ішінде қиылысудан ұшып көтерілу, бірнеше шығу жолақтары, шартты рұқсаттар және т.б.) кезең-кезеңімен (бастапқы кезеңде және өзгерістер енгізілген жағдайда) қайта қарастырып отыру, ықтимал қауіптерді анықтау және оларды азайтуға бағытталған тиісті шараларды әзірлеу мақсатында.</p>	<p>Әрдайым</p>	<p>RE, RI</p>
<p>17 ANSP</p>	<p>Әуеайлақтың маневр жасау алаңында операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің келісімділігін, оның ішінде әуе қозғалысын басқару (ӘҚБ) жұмыс орындары арасындағы, сондай-ақ ӘҚБ органдары мен маневр жасау алаңында қызмет атқаратын басқа қатысушылар арасындағы үйлестіру және радиобайланыс рәсімдері мен тәжірибелерін жыл сайын бағалап отыру. Бағалау ұйымдардың ішінде де,</p>	<p>Әрдайым</p>	<p>RE, RI</p>

	ұшу-қону жолағындағы операциялардың қауіпсіздігі жөніндегі жергілікті жұмыс топтарының отырыстары шеңберінде де жүргізілуі тиіс.		
18 ANSP	<p>Әуеайлақ эксплуатанттарымен бірлесе отырып, ұшу-қону жолағын (ҰҚЖ) тексеру және ҰҚЖ-да басқа жұмыстарды орындау рәсімдерін төмендегі аспектілерді ескере отырып, кезең-кезеңімен қайта қарастыру:</p> <p>а) әуе кемелерінің қозғалыс бағытына қарсы бағытта жоспарлы тексерулер жүргізу, тәуліктің кез келген уақытында жыпылықтайтын маяктарды қосу арқылы (егер ҰҚЖ мен РД конфигурациясы мүмкіндік берсе);</p> <p>б) әуе кемесі қонуға түсу сатысының соңғы кезеңінде немесе ҰҚЖ алдындағы күту орнында тұрған жағдайда, ұшу экипажын ҰҚЖ-ның тексеріліп жатқаны туралы хабардар ету;</p> <p>с) ҰҚЖ-ны жүйелі түрде тексеру үшін стандартты маршруттар мен кестелерді белгілеу;</p> <p>д) мүмкіндігінше, жоспарлы тексеруге тек оны кедергісіз орындауға жеткілікті уақыт аралығы бар кезде ғана рұқсат беру;</p> <p>е) ҰҚЖ-ны тексерудің жаңа рәсімдері мен технологияларын, оның ішінде ұшқышсыз авиациялық жүйелерді қолдану мүмкіндігін бағалау.</p>	Әрдайым	RE, RI
19 ANSP	<p>Радиотелефон байланысы практикасын, оның ішінде жиіліктерге түсетін жүктемені және ИКАО стандарттарына сәйкес фразеологияны қолдануды кезең-кезеңімен бағалап отыру. Мүмкіндігінше, берілетін хабарламалар мен оларды қайталап оқу (read-back) кезінде өзара тексеруді қамтамасыз ету мақсатында әуе қозғалысын басқару диспетчерлері арасында командалық жұмысты енгізу тәжірибесін қолдану.</p>	Әрдайым	RI
20 ANSP	<p>ӘҚБ органдарының беретін хабарламалары ұшу аппараттары мен көлік құралдарының экипаждары рулеж кезінде және операциялардың маңызды кезеңдерінде жағдайдан</p>	Әрдайым	RI

	жоғары деңгейде хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында шамадан тыс ұзақ немесе күрделі болмауын қамтамасыз ету.		
21 ANSP	Мүмкіндігінше, рулеж маршруттарына рұқсаттар рулеж басталғанға дейін берілетіндей қамтамасыз ету. Ұшу экипажының назарын рулеж кезінде барынша бөлмеу мақсатында, қайта қаралған маршруттық рұқсаттарды әуе кемесі қозғалмай тұрған кезде беру қажет.	Әрдайым	RI
22 ANSP	Әуеайлақ эксплуатанттарымен бірлесе отырып, перрон жағында және маневр жасау алаңында жұмыс істейтін көлік құралдарының жүргізушілері үшін келесі жағдайларда стандартты фразеологияны қолдануды қоса алғанда, процедураларды енгізу мәселесін зерделеу: a) радиобайланысты тексеру және қабылдаудың анықтығы шкаласы; b) радиобайланыстың істен шығуы (көрмей беру – <i>blind transmission</i>); c) маневр жасау алаңында көлік құралдары үшін алдын ала белгіленген және процестерге тән радиоқоңырау белгілерін қолдану; d) жүргізуші бағдардан адасқан немесе көлік құралының маневр жасау алаңындағы нақты орналасқан жеріне сенімсіз болған жағдайлар; e) орналасқан жері туралы баяндамалар; f) ҰҚЖ-ны (ұшу-қону жолағын) алуға және/немесе кесіп өтуге рұқсат сұрау.	2026	RI
23 ANSP	Шартты рұқсаттарды (conditional clearances) қолдануға қатысты талдау: a) олардың операциялық қолданылу тәуекелін болдырмайтын немесе барынша азайтатын процедураларды көздеу; b) шартты рұқсаттар қолданылған жағдайда – ИКАО ережелеріне сәйкес тиісті саясат	2027	RI

	пен рәсімдерді әзірлеу және енгізуді қамтамасыз ету; с) диспетчерлік құрамның (ATCOs) шартты рұқсаттарды қолдануға байланысты ықтимал қатерлер мен қателіктер туралы хабардар болуын қамтамасыз ету.		
24 ANSP	Әуеайлақтық навигациялық ақпаратқа қатысты: а) әуеайлақ эксплуатанттарымен бірлесе отырып, ҰҚЖ-дегі операцияларды орындауға әсер етуі мүмкін әуеайлақ туралы өзекті және маңызды ақпаратты көлік құралдарының жүргізушілеріне және ұшақ экипаждарына (мысалы, NOTAM, ATIS, радиобайланыс, схемалар, цифрлық шешімдер және өзге құралдар арқылы) ұсынуды қамтамасыз ететін рәсімдерді енгізу; б) әуеайлақты пайдаланудың уақытша шарттарындағы өзгерістер туралы ақпаратты оңтайландыру, назарды сындарлы маңызды өзгерістерге шоғырландыру қажет. Қажет болған жағдайда, графикалық материалдар мен схемалармен бірге AIP-ке қосымша жариялануы тиіс.	2026	RE, RI
25 ANSP	Ұшуға немесе қонуға арналған әуе кемелері үшін ҰҚЖ-ның жұмыс бағытын өзгерту кезінде ұшқыштар құрамын дайындауға және қайта нұсқама беруге қажетті уақытты ескеру қажет. Мүмкіндігінше, ұшуға рулежде тұрған әуе кемесіне қатысты ҰҚЖ-ның жұмыс бағытын өзгертуден аулақ болу ұсынылады.	Әрдайым	RE,RI
26 ANSP	Қате кесіп өту жағдайларын болдырмау мақсатында, ҰҚЖ-ны алуға, ұшуға немесе ҰҚЖ-ны кесіп өтуге рұқсат тек мынадай жағдайда берілуі тиіс:	Әрдайым	RE,RI

